Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі, «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі, «QazMed» медицина және онымен сабақтас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» республикалық қоғамдық бірлестігі мен Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған

САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ

Мазмұны:

1-бөлім. Жалпы ережелер
2-бөлім. Денсаулық сақтау жүйесінде бағдарламалық және стратегиялық құжаттардың бағыттарын іске асыру
3-бөлім. Еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру
4-бөлім. Еңбек қатынастары және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу
5-бөлім.Еңбекті және денсаулықты қорғау
6-бөлім. Кадрлық әлеуетті дамыту. Жұмыскерлерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру
7-бөлім. Жұмыскерлерді әлеуметтік қорғау, кепілдіктер, өтемақылар және жеңілдіктер
8-бөлім. Әлеуметтік әріптестікті дамыту
9-бөлім. Кәсіподақтар қызметінің кепілдіктері
10-бөлім. Қорытынды ереже. Келісімнің қолданылуы және оның іске асырылуын бақылау.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік әріптестік тараптарының өкілетті өкілдері – «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Министрлік), «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі, «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі, «QazMed» медицина және онымен сабақтас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі - Кәсіподақтар) және «Ұлттық денсаулық сақтау палатасы» дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі - Ұлттық денсаулық сақтау палатасы), бұдан әрі Тараптар деп аталатындар 2023-2025 жылдарға арналған осы Салалық келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты.

2. Осы Келісім Қазақстан Республикасының Конституциясына, тіркеу № 1, «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – ҚР АК), тіркеу № 879, «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – ҚР ЕК), тіркеу № 95666, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, тіркеу № 81245 «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, тіркеу № 144582, «Кәсіптік

одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, тіркеу № 80935, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, тіркеу № 3, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, тіркеу № 7950, «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, тіркеу № 174721, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, тіркеу № 86505, «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, тіркеу № 22880, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, тіркеу № 57639, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына (бұдан әрі – № 1193 қаулы), «Өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1562 қаулысына, тіркеу № 76837, «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 қаулысына (бұдан әрі – «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы), «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығына, тіркеу № 98301, «Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар жұмыскерлерінің еңбегінеақы төлеудің үлгілік жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-213/2020 бұйрығына, тіркеу №149237, «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына, тіркеу №147461 және денсаулық сақтау жұмыскерлерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделеріне қатысты Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінде, Халықаралық еңбек ұйымының конвенцияларына (бұдан әрі – ХЕҰ) 2021-2023 жылдарға арналған Қазақстан

Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) және кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) арасындағы қолданыстағы № 87, № 98 бас келісімдермен (бұдан әрі – Бас келісім) және өзге де халықаралық құқық нормаларына негізделген.

3. Осы Келісім әлеуметтік, еңбек және онымен байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді тетігін құруға, әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге, еңбек саласындағы жұмыскерлердің құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуге, оларды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыруға, жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін сақтауға бағытталған.

4. Осы Келісімнен туындайтын ережелер Тараптар үшін міндетті болып табылады, негіз болады және Кәсіподақтың, Ұлттық денсаулық сақтау палатасының, денсаулық сақтау басқармаларының, денсаулық сақтау ұйымдарында ұжымдық шарттар арасында өңірлік келісімдер жасасу кезінде алып тастауға немесе азайтуға болмайды.

5. Келісім жұмыс берушілердің еңбекке ақы төлеу, жұмыс режимі, демалыс және ұжымдық және еңбек шарттарында айқындалған жұмыскерлерді әлеуметтік қолдаудың өзге де шаралар бөлігінде қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер беру құқықтарын шектемейді.

6. Осы Келісімнің әрекеті 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі атынан әрекет ететін Уәкілетті органға, жұмыс берушілер мен жұмыскерлерге, оның ішінде қызметтің басқа салаларында жұмыс істейтін медицина жұмыскерлеріне және олардың Ұлттық денсаулық сақтау палатасы мен Кәсіподақ атынан әрекет ететін өкілдеріне қолданылады.

Кәсіподақ жазбаша өтініш негізінде Кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлердің және/немесе олардың өкілдерінің мүдделерін білдіруге құқылы.

7. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және осы Келісіммен салыстырғанда жұмыскерлердің кепілдіктерін нашарлататын келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, жұмыс берушілер актілерінің ережелері жарамсыз деп танылады және қолдануға жатпайды.

8. Осы Келісімнің әрекеті кезеңінде осы Келісімде белгіленген шарттарды жақсартатын заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылданған жағдайда, олардың ережелері осы шарттарға қолданылады.

9. Келісім Тараптардың бірінде қайта ұйымдастыру іс-шаралары жүргізілген жағдайда. құқықтар мен міндеттемелер олардың құқықтық мирасқорына (құқықтық мирасқорларына) ауысады және жаңа Келісім жасалғанға дейін сақталады.

2-бөлім. Денсаулық сақтау жүйесінде бағдарламалық және стратегиялық құжаттардың бағыттарын іске асыру

10. Тараптар төмендегілер туралы уағдаласты:

10.1. Тараптардың кез келгені денсаулық сақтау саласының бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын әзірлеуге бастамашы болуға, белгілі бір нормаларды өзгерту, толықтыру, алып тастау жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы. Ұсыныстар әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияға (бұдан әрі - салалық комиссия) жіберіледі. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарға өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды Салалық комиссия қарайды, шешімдер дәлелді талқылау жүргізілгеннен кейін уағдаластық негізінде қабылданады;

10.2. Денсаулық сақтау жүйесіндегі бәсекелестікті дамытуға, медициналық қызметтер бойынша тарифтік саясатты жетілдіруге, медициналық қызметтер сапасын арттыруға, халықты денсаулық сақтау мәселелері бойынша шынайы және объективті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

10.3. білім беру, ғылым жүйесін одан әрі жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу және денсаулық сақтау жүйесіне медициналық көмектің озық технологияларының трансферті жөніндегі жұмысты жалғастыру;

10.4. бірлескен күш-жігермен сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды дамытуды және 2025 жылы өмір сүру ұзақтығын 75 жасқа дейін өсіруді жүзеге асыру, ол мыналарды қамтиды:

қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту;

медициналық-санитариялық алғашқы көмекті (бұдан әрі – МСАК) басым дамыту;

медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету;

ұлттық дәрі-дәрмек саясаты;

адами ресурстарын басқару тиімділігін арттыру;

инфрақұрылымды дамыту;

денсаулық сақтауды цифрландыру;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды іске асыру;

11. Тараптар жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша, оның ішінде:

1) өндірістік, тұрмыстық, көліктік жарақаттанудың, жазатайым оқиғалардың және кәсіптік ауру профилактикасы;

2) МСАК командасын кадрлармен қамтамасыз ету: жалпы практика дәрігерлерінің, терапевт дәрігерлердің, педиатр дәрігерлердің, учаскелік мейіргерлердің, фельдшерлердің, акушерлердің, әлеуметтік жұмыскердің, психологтың рөлін одан әрі арттыру, дәрігерлерді және орта медицина жұмыскерлерін лицензиялаудың адамдардың денсаулығы туралы сауаттылығын арттыруға тарту;

3) медициналық білім беруді одан әрі жаңғырту, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен стратегиялық әріптестікті дамытуға;

4) медицина жұмыскерлері мен медициналық емес білімі бар жұмыскерлердің сапалы үздіксіз кәсіби дамуына;

5) денсаулық сақтаудың кадр ресурстарын талдау, болжау және мониторингілеуге;

6) медициналық ұйымдар мен медициналық білім беру ұйымдары жұмыскерлерінің мәртебесін арттыру жөнінде шаралар қабылдауға;

7) тариф белгілеу әдістемесін жетілдіруге;

8) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің (бұдан әрі – ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) қаражатының игерілуіне, оның ішінде көрсетілетін медициналық көмектің сапасына қаржылық бақылау тетіктерін іске асыруға қол жеткізеді және консультациялар жүргізеді;

12. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды, денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын әзірлеу кезінде Министрлік бұл құжаттарды Кәсіподақпен және Ұлттық денсаулық сақтау палатасымен келіседі.

3-бөлім. Еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру

13. Экономикалық қатынастарды және еңбекке ақы төлеуді жетілдіру, сондай-ақ жұмыскердің лайықты еңбек пен лайықты жалақы алу құқығын қамтамасыз ететін шаралар кешенін іске асыру мақсатында Тараптар мыналарға негізделеді:

13.1. Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі № 1193 қаулыға және осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау саласындағы меншіктің басқа нысандарындағы жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйесі жұмыс берушінің қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйелеріне сәйкес еңбек шартында, бірақ жалақының тиісті мөлшерінен, оның ішінде лауазымдық айлықақылардан (жұмыс өтілі бойынша тиісті коэффициенттер мен түзету коэффициенттері ескеріле отырып белгіленетін), №1193 қаулыда және осы Келісімде белгіленген үстемеақылардан/қосымша ақылардан **төмен емес** болып белгіленеді.

Бұл ретте «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауын орындау үшін (2023 жылға қарай медицина жұмыскерлерінің жалақысы экономикадағы орташа жалақыдан 2 есе жоғары болады) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап медицина және фармацевтика жұмыскерлерінің лауазымдық жалақысы түзету коэффициенті қолданыла отырып айқындалады:

1) біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар (А блогының басқарушы персоналы, В1, В2 блогының негізгі персоналы) № 1193 қаулымен белгіленген 2,73 орнына 3,42 мөлшерінде;

2) біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі мамандар (В3, В4 блогының негізгі персоналы) № 1193 қаулымен белгіленген 2,05 орнына 2,34 мөлшерінде;

Санитарлардың (шаруашылық бикелерін қосқанда) лауазымдық жалақысы 1,15 түзету коэффициентін ескере отырып орнатылады.

13.2. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап медицина жұмыскерлерінің, оның ішінде біліктілік санаттарын беру туралы куәліктердің (бұдан әрі-куәліктер) қолданылу мерзімі өткен медицина қжұмыскерлерінің лауазымдық жалақысы 2015 жылдан кейін мамандарға берілген бұрын берілген біліктілік санаттары (жоғары, бірінші, екінші) ескеріле отырып есептеледі.

13.3. «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 283/2020 бұйрығына сәйкес медицина жұмыскерлерінің кәсіби өсуін ынталандыру мақсатында денсаулық сақтау жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіби даму нәтижелері бойынша біліктілік деңгейлеріне мынадай қол жеткізу өлшемшарттары бойынша талаптарды қолдану:

1) 1193 қаулысына сәйкес «екінші біліктілік санаты» біліктілік деңгейіне қол жеткізу бойынша төлемді есептеу үшін кемінде 5 кредит (150 сағат) көлемінде біліктілікті арттыру және бейресми білім беру нәтижелері кемінде 30 СБ, бейінді кәсіптік қауымдастықтың ұсыным хаты (бар болса), үздіксіз 5 жыл өтілі талап етіледі;

2) 1193 қаулысына сәйкес «бірінші біліктілік санаты» біліктілік деңгейіне қол жеткізу бойынша төлемді есептеу үшін кемінде 5 кредит (150 сағат) көлемінде біліктілікті арттыру және бейресми білім беру нәтижелері кемінде 60 СБ, бейінді кәсіптік қауымдастықтың ұсыным хаты (бар болса), «екінші біліктілік санатына» қол жеткізгеннен кейін үздіксіз 5 жыл өтілі талап етіледі;

3) 1193 қаулысына сәйкес «жоғары біліктілік санаты» біліктілік деңгейіне қол жеткізу бойынша төлемді есептеу үшін кемінде 5 кредит (150 сағат) көлемінде біліктілікті арттыру және бейресми білім беру нәтижелері кемінде 90 СБ, бейінді кәсіптік қауымдастықтың ұсыным хаты (бар болса), «бірінші біліктілік санатына» қол жеткізгеннен кейін үздіксіз 5 жыл өтілі талап етіледі.

«Екінші», «бірінші» және «жоғары» біліктілік санаттарына қол жеткізу бойынша біліктілік деңгейлерін растау ерікті болып табылады.

13.4. медицина колледждерін, ЖОО - лардың медицина жұмыскерлері-оқытушыларына қаржылық жағдайлар болған кезде қолданыстағы біліктілік санаттарын төлеу мүмкіндігін қарау қажет.

13.5. бейінді емес (медициналық емес) білімі бар денсаулық сақтау жұмыскерлерін ынталандыру мақсатында (химиялық, биологиялық, педагогикалық, инженерлік және т.б.) жалақы денсаулық сақтау ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктерін негізге ала отырып, олардың лауазымдық жалақыларына ынталандыру үстемеақыларын қолданыла отырып, белгіленеді.

13.6. денсаулық сақтау саласы жұмыскерлерінің айлық тарифтік мөлшерлемесінің (жалақысының) ең төмен мөлшері «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық жалақының ең төмен мөлшерінен төмен болмауы тиіс;

13.7. ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (аса зиянды), қауіпті жұмыстарда істейтін меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау жүйесінің жұмыскерлеріне қосымша ауыр (аса ауыр) физикалық жұмыстарда және еңбек жағдайлары белгіленген зиянды (аса зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге № 1193 қаулысымен белгіленген тиісті қосымша ақыдан төмен емес жүргізіледі;

13.8. ЖИТС-пен ауыратын науқастарды және АИТВ жұқтырған науқастарды диагностикалаумен, емдеумен тікелей айналысатын жұмыскерлерге, сондай-ақ ЖИТС-пен ауыратын және АИТВ жұқтырған науқастардан келіп түсетін материалдарға зертханалық зерттеулердің барлық түрлерін жүргізгені үшін,

ғылыми-өндірістік бірлестіктерде және олардың құрылымдық бөлімшелерінде бактериялық және вирустық препараттарды өндіргені үшін және АИТВ проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгені үшін – ЖИТС қысқартылған алты сағаттық жұмыс күні, күнтізбелік жиырма төрт күнге ұзартылған жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысы, жұмыскерлердің лауазымдық жалақысының 60% мөлшерінде кәсіптік зияндылығы үшін қосымша еңбекақы төленеді;

13.9. жұмыскерлердің денсаулық сақтау саласындағы лауазымдық жалақыларын айқындау үшін белгіленген коэффициенттері арасындағы өсім № 1193 қаулыда белгіленген тиісті коэффициенттер бойынша ұқсас өсімнен төмен емес болып белгіленеді.

13.10. үстеме жұмыс уақыты үшін, мереке, демалыс күндері түнгі уақытта еңбекке ақы төлеу еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес жоғары мөлшерде, бірақ жұмыскерлердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесін негізге ала отырып, бір жарым еселенген мөлшерден төмен емес мөлшерде жүргізіледі, ал қаржылық мүмкіндік болған жағдайда **екі еселенген мөлшерде** жүргізіледі.

Жұмыскерлердің тәуліктік (сағаттық) мөлшерлемесі тарифтік мөлшерлемені (лауазымдық жалақыны) тиісті күнтізбелік жылға жұмыс уақытының теңгеріміне сәйкес бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы кезінде ағымдағы айдағы жұмыс күндерінің (сағаттарының) санына бөлу жолымен айқындалады;

13.11. меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдардағы, медицина жұмыскерлерінің кезекшілігіне ақы төлеу «Медицина қызметкерлерінің кезекшілігін ұйымдастыру және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 857 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Сондай - ақ жұмыс берушілер күту режимінде болғаны және межелі жердің (медицина жұмыскерлеріне, жүргізушілерге) кетуге тұрақты дайындығы үшін үйде кезекшілік белгілей алады. Осы кезекшіліктің әрбір сағаты үшін төлем жұмыскердің сағаттық мөлшерлемесінің 25%-нан кем емес жүргізіледі. Осы жұмыскерлер межелі жерге кеткен жағдайда, ақы төлеу жұмыстың әрбір сағаты үшін жоғары мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып, екі еседен төмен емес мөлшерде жүргізіледі;

13.12. денсаулық сақтау жүйесінің жұмыскерлеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде жылына бір рет жұмыскердің кемінде бір лауазымдық жалақысы мөлшерінде сауықтыруға жәрдемақы (материалдық көмек) төленеді.

13.13. жұмыскерлердің еңбек тиімділігі мен орындалатын жұмыстардың сапасын арттыруға қызығушылығын арттыруды күшейту үшін жұмыс берушілер белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде Кәсіпорынның еңбекақы төлеу жүйесімен айқындалатын жалақыға түзету коэффициенттерін белгілей алады («Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар жұмыскерлерінің еңбегінеақы төлеудің үлгілік жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-213/2020 бұйрығына сәйкес).

13.14. жан басына шаққандағы нормативтің қосымша (ынталандырушы)

компоненті жүйесін жетілдіру және амбулаториялық-емханалық көмектің сапасын және оның қолжетімділігін арттыруға қатысатын және өз еңбегі үшін қосымша ақы алуға құқығы бар мамандар тізбесін кеңейту жөнінде шаралар қабылдау қажет;

13.15. осы Салалық келісімнің 3-бөлімінде белгіленген нормалар қызметтің басқа салаларында жұмыс істейтін медицина жұмыскерлеріне қолданылады.

14. Министрлік:

14.1. Кәсіподақтардың өкілдерін (Кәсіподақтардың филиалдарының төрағаларын) Министрлік алқасының, облыстық (қалалық) денсаулық сақтау басқармалары алқасының құрамына қосуды және оларды әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарына қатысты денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және қарау жөніндегі комиссиялар мен топтардың жұмысына қатысуға тартуды ұсынады.

15. Кәсіподақтар:

15.1. осы Келісімде, ұжымдық шарттарда және денсаулық сақтау субъектілерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережелерде бекітілген шарттарда және тәртіппен денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлеріне оның жоғарылауын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуына, жалақының уақтылы төленуіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге;

15.2. сала жұмыскерлерінің еңбек құқықтары мен мүдделерінің сақталуын, оның ішінде жұмыс орындарын қысқартудың негізділігін, қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жұмыскерлерге құқықтық кепілдіктер мен өтемақылардың сақталуын қоғамдық бақылау және мониторингтеу арқылы кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етуге;

15.3. кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделеріне байланысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және қарау жөніндегі комиссиялардың, жұмыс топтарының жұмысына қатысуға;

15.4. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларында денсаулық сақтау жүйесінің алдына қойылған міндеттерді орындау шеңберінде Министрліктің бастамаларын іске асыруға қатысуды жалғастыруға;

15.5. барлық Тараптармен бірлесіп әзірленген әдістемеге сәйкес жылына екі рет «Дені сау ұлт» ұлттық жобасына сәйкес жалақыны арттыру деректерін жинау, талдау және мониторинг жүргізуге;

15.6. сала жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу саласындағы мемлекеттік кепілдіктердің іске асырылуын, жалақының толық және уақтылы төленуін бақылауды қамтамасыз етуге;

15.7. өз өкілеттіктері шегінде әлеуметтік шиеленістер мен еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдеріне мониторинг жүргізу, мониторинг нәтижелерін салалық комиссия отырыстарында қарауға міндеттенеді.

4-бөлім. Еңбек қатынастары және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

16. Тараптар:

16.1. барлық меншік нысанындағы денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерімен еңбек шарттарын жасасу кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасы, Бас келісім, осы Келісім нормаларының сақталуына пәрменді бақылауды қамтамасыз етуге;

16.2. денсаулық сақтаудағы кадр саясатын іске асыру, медицина және фармацевтика жұмыскері кәсібінің беделін арттыру, олардың әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын тиімді қорғау мәселелерін шешуге кешенді тәсілді қамтамасыз етуге;

16.3. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру, оның ішінде ұрпақтар сабақтастығын дамыту және нығайту, тәлімгерлік ету, жастар денсаулығын сақтау және нығайту, саламатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін жағдайлар жасау, студенттік форумдарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге;

16.4. инновациялық технологияларды енгізуді ескере отырып, денсаулық сақтаудың зияткерлік әлеуетін сақтау және дамыту, ұрпақтар сабақтастығын дамыту және нығайту, Медициналық және фармацевтикалық жұмыскер кәсібінің беделін арттыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге және іске асыруға қатысуға;

16.5. «Денсаулық сақтау» саласындағы салалық біліктілік шеңберін және кәсіптік стандарттарды әзірлеуге және бекітуге қатысуға ниет білдіреді.

17. Министрлік:

17.1. ҚР ЕК 12-бабына сәйкес кәсіподақ өкілдерінің дәлелді пікірін ескере отырып, жұмыс берушілердің жұмыскерлердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарына қатысты актілерін шығаруды жүзеге асыруды, оның ішінде:

1) жұмыстан босатылған жұмыскерлерді жұмыспен қамтуды, даярлауды, қайта даярлауды және жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуді;

2) жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйелері туралы;

3) даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан өтетін жұмыскерлерге, сондай-ақ жұмысты оқумен ұштастыратын жұмыскерлерге берілетін кепілдіктер мен жеңілдіктер туралы;

4) еңбек тәртібінің қағидалары;

5) демалыс кестесі;

6) ауысым кестесі;

7) толық емес жұмыс уақыты режимін енгізуді;

8) ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағының мынадай тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзуды:

2) тармақша (жұмыскерлер санын немесе штатын қысқарту);

3) тармақша (жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі);

7) тармақша (сынақ мерзімі кезеңіндегі жұмыстың теріс нәтижесі);

8) тармақша (бір жұмыс күні қатарынан 3 және одан да көп сағат дәлелді себепсіз жұмыста жұмыскердің болмауы);

16) тармақша (тәртіптік жазасы бар жұмыскерлердің еңбек міндеттерін дәлелді себептерсіз қайта орындамау немесе қайта тиісінше орындамау);

17.2. Денсаулық сақтау субъектілерінде жұмыс істейтін жұмыскерлер санының негізсіз қысқаруына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауды;

17.3. жұмыскерлердің санын немесе штатын қысқартудың өндірістік қажеттілігі кезінде, оның ішінде аутсорсинг кезінде кәсіподақ өкілдерімен міндетті өзара консультациялар жүргізу және штатты қысқарту рәсімдері басталғанға дейін кемінде 1 ай бұрын жұмыскерлерді жұмыспен қамтуды, әлеуметтік қорғауды қолдау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді;

17.4. сотқа дейінгі жедел қарау және жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу мақсатында кәсіподақ өкілдері мен жұмыс берушілердің тең санынан тепе тең негізде келісу және татуластыру комиссияларын құруды;

17.5. ҚР ЕК 118-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында және оқу шартының талаптарында көзделген мөлшерден төмен емес мөлшерде іссапар шығыстарын төлей отырып, жұмыс орнын, орташа жалақыны сақтай отырып, оқу сағаттарының нормалары шегінде сала жұмыскерлерінің біліктілік деңгейін және кәсіби дағдыларын арттыруды қамтамасыз етуді;

17.6. жұмысқа шыққан сәттен бастап алғашқы 6 ай ішінде декреттік демалыстан немесе бала күтімі бойынша демалыстан шыққан жұмыскерлер үшін кәсіптік қайта даярлаудан өтуді және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуді;

17.7. ҚР ЕК-нің 52-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша зейнеткерлік жасқа толуына екі жылдан аз қалған жұмыскерлермен еңбек шартын бұзуға жол бермеуді;

17.8. жастар арасында жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту үшін жағдай жасау мақсатында қамтамасыз етеді:

1) ҚР ЕК 30-бабының 1-тармағының 3), 4), 5), 6) тармақшаларында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жұмысқа алғаш рет екі жыл мерзімге түскен жас мамандармен белгілі бір мерзімге еңбек шартын жасасуды қамтамасыз етуге.

18. Кәсіподақтар:

18.1. сала жұмыскерлерінің еңбек құқықтары мен мүдделерінің сақталуына, оның ішінде жұмыс орындарын қысқартудың негізділігіне, меншік иесі ауысқан, ведомстволық тиістілігі өзгерген немесе ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қайта ұйымдастырылған кезде жұмыскерлерге құқықтық кепілдіктер мен өтемақылардың сақталуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге;

18.2. жеке және ұжымдық еңбек дауларын сотқа дейінгі тәртіппен қарауға жәрдемдесуге;

18.3. кәсіподақ мүшелеріне тегін заңгерлік және консультациялық көмек көрсету және оларды құқықтық қорғауға жәрдемдесуге;

18.4. орталық кеңес пен кәсіподақ филиалдары жанындағы жастармен жұмыс, гендерлік теңдік жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиялардың жұмысын жандандыруға;

18.5. жоғары және орта медициналық білім беру ұйымдарының студенттері үшін кәсіподақ құрған (конкурстық негізде) стипендиялар төлеуді жүзеге асыруға міндеттенеді.

5-бөлім. Еңбекті және денсаулықты қорғау

19. Тараптар:

19.1. салада Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кеңесті қалыптастыру тәртібі мен қызметі туралы ережені әзірлеу және бекітуге;

19.2. салада кәсіби тәуекелдерді басқару жүйесін және еңбекті қорғауды басқарудың кешенді әдістерін тұжырымдамалық өзгертуге және енгізуге бағытталған, еңбекті қорғауды басқарудың өтемдік, шығынды моделінен кәсіптік тәуекелдерді басқарудың қазіргі заманғы жүйесіне көшуді, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау мақсатында еңбек жағдайларын сараптаудың рөлін арттыруды қамтитын еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жаңа стратегиясын әзірлеу және енгізу жөнінде консультациялар жүргізуге;

19.3. әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық және облыстық комиссиялардың отырыстарында еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өндірістік жарақаттану және кәсіптік сырқаттану жай-күйі мәселелерін қарау және қарау нәтижелері бойынша шаралар қабылдауға;

19.4. өндірістік жарақаттанудың профилактикасы, оның ішінде жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру, қолданыстағы заңнамаға сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғаларды уақтылы тергеп-тексеру жөнінде шаралар қабылдауға;

19.5. жұмыс берушінің қаражаты есебінен сала жұмыскерлерінің, оның ішінде адамның иммундық тапшылығы вирусына (бұдан әрі – АИТВ) және В, С және Д парентеральді вирустық гепатиттеріне міндетті медициналық қарап-тексеруден өтуін қамтамасыз етуді;

19.6. жұмыскердің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты оның өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілген кезде, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарды орындау кезінде жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген көлемде зиянды өтеуін қамтамасыз етуге;

19.7. медициналық ұйымдардың жұмыскерлеріне қажетті еңбек жағдайларын және жұмыс орнын, оның ішінде заманауи оргтехникамен, қазіргі заманғы талаптар деңгейінде лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етумен жарақтандыруға міндеттенеді.

20. Тараптар:

20.1. жұмыскерлердің саламатты және қауіпсіз еңбек жағдайлар құқығын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың және жұмыскерлердің кәсіптік ауруларының туындауының алдын алатын еңбек қауіпсіздігінің қазіргі заманғы құралдарын енгізуге;

20.2. меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау саласының жұмыскерлеріне негізгі ақылы еңбек демалысы ұзақтығы кемінде күнтізбелік отыз күн беругеі;

«Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және

еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына сәйкес зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге қосымша ақылы жыл сайынғы еңбек демалысына және жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына кепілдік берілген құқықты қамтамасыз етуге;

20.3 «Жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдері және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдер, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» . Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1054 бұйрығына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі, оның ішінде жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды толық көлемде қаржыландыру жөнінде шаралар қабылдауға;

20.4. әлеуметтік мәні бар аурулардың, оның ішінде АИТВ, парентеральды вирусты гепатит, туберкулезден туындаған аурулардың профилактикасы бойынша бірлескен жұмыс жүргізуге. ХЕҰ-ның еңбек саласындағы АИТВ инфекциясы жөніндегі ұсынымын ілгерілету жөнінде шаралар қабылдауға;

20.5 «Өз қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің өндірістерінің, жұмыстарының, кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1562 қаулысына сәйкес денсаулық сақтау саласының жұмыскерлеріне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуды қамтамасыз етуге;

20.6. жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруды «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асыруға;

20.7. медицина жұмыскері тарапынан ұқыпсыздық немесе немқұрайлылық болмаған кезде пациенттің денсаулығына зиян келтіргені үшін кәсіби жауапкершілікті сақтандыру қағидаларын әзірлеуге;

20.8. ТМККК шеңберінде сала жұмыскерлерінің скринингтік қарап-тексерулерден өтуін қамтамасыз етуге;

20.9. еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нормалар мен тізімге сәйкес арнаулы тамақпен үздіксіз қамтамасыз ету, ҚР ЕК 125-бабына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен сала жұмыскерлерін жыл сайын міндетті медициналық қарап-тексеруден өткізуге міндеттенеді.

21. Кәсіподақ:

21.1. өндірістік жарақаттануды және кәсіптік сырқаттанушылықты төмендету мақсатында еңбекті қорғау жөніндегі жұмыскерлердің құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге;

21.2. еңбек заңнамасының сақталуына, денсаулық сақтау ұйымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға, қолданыстағы заңнамаға сәйкес Еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмыскерге келтірілген зиянды уақтылы және толық өтеуге тиімді қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

21.3. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнаманың талаптарын қамтамасыз етуге, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың профилактикасы жөніндегі бірлескен іс-қимыл шеңберінде ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестердің тиімді жұмысын қолдау, өндірістік кеңестердің құрамына техникалық инспекторларды сайлауға;

21.4. өндірісте зардап шеккен кәсіподақ мүшелеріне және қаза тапқандардың отбасыларына құқықтық және материалдық көмек көрсетуге;

21.5. саламатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу, медициналық көрсеткіштер бойынша сауықтыруды қажет ететін кәсіподақ мүшелерін санаторий-курорттық емделуге, сондай-ақ балаларын сауықтыруға жеңілдікті жолдамалармен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге міндеттенеді.

6-бөлім. Кадрлық әлеуетті дамыту. Жұмыскерлерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру

22. Медициналық технологиялардың қарқынды дамуын, жаңа ғылыми білімнің пайда болуын, фармацевтикалық нарықтың өсуін, медициналық қызмет көрсету мен қызметтерге қажеттіліктің өзгеруін ескере отырып, медициналық білім беруді жаңғырту және адами капиталды стратегиялық басқару мақсатында **Тараптар төмендегілер туралы уағдаласты:**

1) кадр әлеуеті мен біліктілігін дамыту жөніндегі үйлестіру орталығын қалыптастыру тәртібі мен қызметі туралы ережені әзірлеуге;

2) медицина, фармацевтика жұмыскерлердің, ақпараттық медициналық техниктер мен технологиялар жұмыскерлерінің кәсіби деңгейін арттыруды және үздіксіз біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін пәрменді және тиімді тетікті құруға ықпал етуге;

3) медицина жұмыскерлерін кәсіби даярлауға және олардың жаңа құзыреттерді, оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды игеруіне, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру міндеттерін шешуге жәрдемдесуге;

